

ISSN 1998-6718



Мектептегі **ПСИХОЛОГИЯ** *в школе*

➤ *Этномәдени құндылық жайлы бірер сөз*

➤ *Мектеп тұлғаларының сенімділіктерін арттыруға арналған психологиялық*

➤ *Роль воспитательной работы в школе как цель формирования личности*

5 (215)
2026



№5 (215), 2026
(Мамыр-Май)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ұ. ЖҮНІСОВА

Этномәдени құндылық жайлы бірер сөз3

А. МАХАТОВА

Сәби психологиясын дамытудағы сенсорлық тәрбиенің
рөлі.....6

Ж. БЛИМОВА

Колледж студенттері арасындағы қарым-қатынас
ерекшеліктері9

А. СЕРЖАНОВА

Мектеп түлектерінің сенімділіктерін арттыруға арналған
психологиялық жаттығулар.....12

Г. НҰРХАТОВА

Зерде бұзылыстары бар балалар психологиясындағы
ойынның маңызы жайлы16

С. РАХИМЖАНОВА, А. ЕРМАКОВА

Безопасное медиапространство для детей и
подростков.....19

Г. ШАРИПОВА

Роль воспитательной работы в школе как цель
формирования личности.....28

Т. ТУЛЕГЕНОВА

Психологический тренинг для учащихся.....31

С. СЕРИКБАЕВА

Оқушыларға арналған психологиялық тренинг.....35

Н. БӨПЕЖАНОВА

Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасқа
арналған психологиялық тренинг38

Г. КЕНҒАН

Ата-аналармен жүргізілетін тренинг-жиналыс41

Ж. ЕРМЕККАЛИЕВА

Оқушыларға арналған психологиялық тренингтер43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Маржан АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.

ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
күәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

4. 06. 2026 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Сайт:

www.pedagogltd.kz

Журнал <<Print
House GERONA>>

баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н., профессор (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., профессор (Семей, Шәкәрім университеті)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 4. 06. 2026 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб. т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Сайт: www.pedagogltd.kz

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
Print House GERONA>>

г. Алматы қаласы, ул. Сәтбаева 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз. Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Этномәдени құндылық жайлы бірер сөз

Ұ. ЖҮНІСОВА

Қазақ этнопедагогикасы ғылым саласы ретінде алғаш рет XX ғасырдың 70-жылдарының басынан бастап зерттеле бастады. (А. Мухамбаева, И. Оршыбеков, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев).

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ ағартушылар мен орыс, Батыс саяхатшы, этнограф ғылымының (Э.С. Вульфсон, А. Янушкевич, Н.Г. Потанин, Н.П. Зеланд, т.б.) қолжазбаларында да қарастырылған.

Шөкәрім Құдайбердиев жастарды ғылыммен ғибрат алуға, ақылмен ойлап іс қылуға, құлқынның құлы болмай, адамдық борыш – ар үшін қызмет етуде, намыс пен арды бірінші орынға қоюға шақырады: «Жаным – арымның садағасы» дегенді уағыздады. Әдеттен озба, сабырлылық, салмақтылық сақта – өмірде бақыт пен байлық адам еңбегімен келеді. Талаптанып, талпынсаң, ерінбей етсең, ол сенің қолыңа өзі келіп қонады дейді. А. Құнанбаев: «Асыл сөз үлгілерін оқулық жазуда, тәлім-тәрбие ісінде кәдеге жаратуды мақсат тұтқан, естілердің айтқанын естіп жүрген кісі өзі де есті болады», - деп айтқан.

Шоқан Уәлиханов пікірінше: «Халықтың ақыл-ойын және қалың бұқараның сана-сезімі, өмірі мен алға басуы кезінде туған бұл шығармалар (қазақтың аңыз-әңгімелері, ертегілері, мақал-мәтелдері, батырлар жыры) айтылу түрінде бірден-бірге, содан бүкіл халыққа жайылады. Онда халықтың рухы, көзқарасы, әдеті, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі суреттелген. Сондықтан бұл жырдың әдебиеттік жағынан болсын, тарихи жағынан болсын маңызы зор.

Г.Н. Волковтың «Этнопедагогика» атты еңбегіне жазған кіріспесінде: «Егер халық педагогикасы пен этнопедагогикаға екі хрестоматия жасалған болса, оның біріншісіне бала тәрбиесі жөніндегі ауыз әдебиеті үлгілерімен халықтың салт-дәстүрлеріне арналған этнографиялық тәлімдік жазбалар енгізілген болар еді, ал екіншісіне халық педагогикасы мен халықтың тәлім-тәрбиелік ойларын зерттеуге арналған педагог-ғалымдардың еңбектері енген болар еді», - деп, халық педагогикасының таза тәжірибеге негізделген тәрбиенің эмпирикалық түрі екенін және оның этнопедагогиканың ғылыми-зерттеу нысаны болып саналатынын ашып көрсетеді.

Ал әйгілі орыс педагогы К.Д. Ушинский халықтың тәрбиелік мақсаты мен мазмұнына және тәрбие мен оқыту әдістеріне тоқтала келе: «Орыс халқының бала тәрбиесі сол халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз

байланысты, тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек», - деді.

Этнопедагогиканың тарихы мен теориялық негіздерін зерттеп, ғылыми еңбектері мен докторлық диссертациялар жазған ғалымдар: А.Э. Исмайлов, С. Калиев, Қ. Жарықбаев, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, Ә. Табылдиев, З. Әбілова және т.б. Бұл авторлардың еңбектерінде ұлттық тәлім-тәрбиенің халықтың негіздері мен педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері жан-жақты талданып сипаттама берілген.

Этнопедагогика – халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдармен ғылыми жүйеге келтіріп зерттеген, оны тәрбиеде қолданудың әдіс-тәсілдерін теориялық тұрғыда сөз ететін ғылыми педагогиканың бір саласы. Қ. Жарықбаев, Ә. Табылдиев, Т. Ахметов, Е. Дайрабаев, Т. Мешітбаев, Ж. Баширова, С. Есенжолова, Н. Әлқожаева жоғары оқу орындарында этнопедагогика пәнін, қазақ этнопедагогикасын оқытудың бағдарламасын түзеп, оқу құралдарын жазды.

Профессор Қ. Жарықбаев, Ә. Табылдиевпен «Әдеп және жантану», Ә. Табылдиев «Әдеп әліппесі» деген оқу құралдарын жарыққа шығаруды 1997-1998 оқу жылынан бастап Қазақ Ұлттық университетінің жеке факультетінде «Қазақ этнопедагогикасы» пәні ретінде оқытыла бастады.

Этнопедагогика пәнін оқытудың бағдарламаларын профессор Әдібай Табылдиев, доценттер Тұрсын Мешітбаев, Ерғали Дайрабаев, Владимир Копылов, аға оқытушы Сәуле Есенжолова жасады.

Әрбір халықтың тарихи дамуында ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиесі туралы бай тәжірибесі мен мұрасы бар. Оны жинақтап зерттейтін білім жүйесі – этнопедагогика. Бұл пән ретінде оқу процесіне жаңадан еніп жатыр. Бұл пәннің мақсаты – болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық дайындықтарын арттыру. Этнопедагогика пәні жалпы үш бөлімнен тұрады.

Оқыту бағдарламасын оқу материалдарымен (лекциялық курспен) толықтырып, 2000, 2002, 2003 жылдары баспадан шықты. Бұл құнды басылым университеттің этнопедагогика және этнопсихология ғылымдарын зерттеу орталығының бастамасымен республиканың көптеген жоғары оқу орындарына пайдалануға ұсынылды.

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Ертеңгі өркениетті қоғам мүшесі, өз ұлтының ізгі қасиеттері мен рухани байлығымен сусындағаның, ұлты дегенде «ішкен асын жерге қоятын» ұлтжанды, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеудің негізі – халықтың тәлім-тәрбиесі.

Қазақ мектептерінің негізгі мақсаты – бұрынғыша жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып саналғанымен, олардың өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен білімге, өнерге деген қызығушылығын дамытуына толық мүмкіндік жасау болып отыр. Ал болашақ оқу-тәрбие

ісін ұйымдастырып, ертеңгі азаматтардың бойына ұлттық салт-дәстүрді сіңіруде ұстаздардың, яғни бүгінгі студенттердің жан-жақты дамыған білімді болуы, халық педагогикасының тарихын терең меңгеруі, оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін жете білуі – басты борыш. Сондықтан қоғамды қайта құру кезеңінде болашақ мұғалімдерге этнопедагогика қағидаларымен балаға талап-тілектерін ғылыми педагогикалық тұрғыда жан-жақты жетік білдіру, ұлттық тәлім-тәрбиені оқушы бойына сіңірудің тиімді жолдарын меңгерту мақсатында этнопедагогика пәні оқу жоспарына кіргізілуде.

Қазіргі қазақ педколледжінде де этнопедагогика пәні 1995-1996 оқу жылында алғаш рет енгізілді. Сонымен қатар мақсатына байланысты істелген жұмыстарымыз олардың пайдалы әсерлері туралы пікірлеріміз де жоқ емес. Бұл пәннен Қазақстан Республикасы Білім министрлігі ұсынған Серғазы Қалиұлы Қалиевтің «Қазақ педагогикасы» арнайы пән бойынша колледждер, лицей, гимназияларға арналған бағдарламасы басшылыққа алынды.

Халқымыз тән тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар жүргізу арқылы жас ұрпақты елін, жерін сүйетін парасатты адам тәрбиелеуді мақсат еткен болса, бағдарламада халықтың тәрбие түрлері мен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін теориялық және практикалық жағынан бірдей қарастырған.

Теориялық білімге 32 сағат белгіленіп, барлығы 14 ғасырды қамтитын материал 1414 тақырыпқа халықтың тәлім-тәрбиеде кездесетін мақсаттары мен ой-пікірлері берілген.

Практикалық сабаққа 14 сағат берілген.

Практикалық сабақтар міндеттері:

- Арнайы орта оқу орны студенттердің халықтың педагогика бойынша алған теориялық білімдерін тереңдету және тиянақтау;
- Оқушылардың өз бетінше педагогикалық әдебиеттерді оқып, этнопедагогикалық білім қорын молайтуына мүмкіндік туғызу;

Пән оқу жоспары бойынша бес семестрде оқытылады. Бұл пән студенттер үшін соңғы жаңалық болып, зор қызығушылықтарын туғызды, студенттің халықтың сонау ғасырлар қойнауынан бізге жеткен «Алтын қоры» туралы аса ыждағатпен тыңдау, өздіктерінен ізденуге құмартуы, жетістіктерге жетуі қуантпай қоймайды. «Жан сұлулығы мен тән сұлулығы екеуі егіз», «Әдептілік адамгершілік арқауы» атты тақырыптарға өткен пікірталастар, «Бір айтқаны бір елге мұра болар, қайран біздің бабалар ғұламалар» атты ашық сабақ, қорытынды саяхат-сабақ, «Біз қандай халықпыз?» атты шығармадағы анкеталық сұрақтардың нәтижесінен, семинар сабақтарында белсенділіктерінің жоғары болуы көптеген тақырыптар төңірегінде кеңірек мағлұмат алсақ деген ұсыныстары болашақ мамандарды қазақ халқының мол мұрасы толғандырмай қоймағанын байқауға болады.

Бүгінгі таңда оқыту, тәрбиелеу процесін ізгілендіру талап етіліп отырған шақта мұғалімдердің осы принципті асыруда халық педагогикасының қағидалары мен салт-дәстүрінің орны ерекше.

Мәңгүртке айнала жаздаған ұрпақтарымыздың бойына, еліне, жұртына, халқына, тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне деген сүйіспеншілікті тек осы құндылықтар арқылы ғана бойына сіңіріп, егемен еліміздің болашақ азаматтарын дұрыс тәрбиелей аламыз.

Колледж мамандары бесіктегі кезеңнен бастап бала тәрбиесімен айналысатын болғандықтан осы оқу орындарына арналған оқулықтың әрбір тарау мен бөліктері халық педагогикасымен тығыз байланыстырылып, терең зерттелуі және қайта өңделуі керек.

Мәселені меңгерту кезеңінде мынадай міндеттерге көбірек көңіл бөлінген дұрыс:

- Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін көрсететін заттарға студенттердің көзқарасын зерттеу;
- Колледж студенттерінің әдет-ғұрып, дәстүр, мәдениет, қазақ халқының тұрмысы жайлы түсініктерін зерттеу.

Этномәдени құндылықтарды колледждегі оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланғанда студенттердің психологиялық, өзіндік дара ерекшеліктерін ескере отырып, олардың тұрған елін, жерін сүйгізеді, ерлікті, әділдікті дәріптейді. Жамандықтан, зұлымдықтан, ұсқынсыздықтан жирентеді, мейірімділікке, адалдыққа, әдептілікке, әсемдікке тәрбиелей отырып, сөз мәнерін терең түсінуге үйретеді.

Этномәдени құндылықтарды оқып білу арқылы туған халқының терең ойларын, тілдік ерекшелігін, өнегелі тәлім-тәрбиесін бойына сіңіреді.

Сәби психологиясын дамытудағы сенсорлық тәрбиенің рөлі

А. МАХАТОВА

Ұлттық балабақшаларда әлі де болса, психо-физиологиялық, педагогикалық зерттеулер жүргізу жағынан, ғылыми-әдістемелік ізденістер мен нәтижелі тәжірибелік ұсыныстар жағынан тың жатқан мәселелердің бірі – сәбилік кезеңдегі балалар тәрбиесі.

Осыған орай, ендігі ой, 1-3 жастағы балалардың сенсорлық тәрбиесі жайлы болмақ.

Сенсорлық тәрбие – ақыл-ой тәрбиесінің негізі болып табылады, ол баланың сезімдік тәжірибесінің дамуын және баюын қамтамасыз етеді,

заттардың қасиеті мен сапасы туралы түсінігін қалыптастырады.

Сенсорлық тәрбие – бұл түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуы. «Сенсорлық» сөзі латынның «sensus» – «сезім», «түйсік», «қабылдау», «түйсіну қабілеті» деген сөздерінен шыққан. Дүниені тану түйсінуден, қабылдаудан басталады.

Түйсігі мен қабылдауы мол адамның қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең, жан-жақты келеді.

Сөйтіп, баланың сенсорлық мәдениеті, оның түйсігі мен қабылдауының даму деңгейі ойдағыдай дамыған таным қызметінің алғы шарты.

Сенсорлық мәдениеттің эстетикалық тәрбие үшін де зор маңызы бар. Заттың түсін, реңін, формасын және форма мен түстің үйлесімін, дыбыстың биіктігі мен тембрін ажырата білу, бейнелеу және музыка өнері шығармаларын жақсы түсінуге, музыканы тыңдаудан, картиналар мен скульптураны және т.б. көруден, ләззат алуға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың басында, *Мария Монтессори* талдап жасаған сенсорлық тәрбие жүйесі балалардың түстер мен реңдерді, формалар мен көлемдерді ажырату дәрежесі жоғары болуына қол жеткізуді өз алдына мақсат етіп қояды. Ол пайдаланған дидактикалық материалдар өзін-өзі бақылау принципіне сәйкес жасалған, бұл қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамытуға, көлем мен формадағы айырмашылықтарды сипап анықтау қабілетін қалыптастыруға, түстің реңіндегі айырмашылықтарды тап басуға негізделді.

Е.И. Тихеева сезім органдарын жетілдіру жұмысын бала тілінің дамуымен, қоршаған заттар дүниесімен таныстырумен байланыстырды.

Ол жасаған дидактикалық материалдар мен ойындар да түсті, көлемді, пішінді ажырата білуге бағытталған, балаларды заттардың қасиетімен, сапасымен таныстыру ойын әрекеті үстінде жүргізіледі, оның өзі білім мен ұғымды жақсы игеруге көмектеседі.

Зерттеулерге сүйене отырып, А.П. Усова оқу әрекетінде дамуын үш деңгейге бөлді. *Неғұрлым жоғары, бірінші деңгей* балалар тәрбиешінің нұсқауларын тыңдайды, өз жұмысында оларды үнемі басшылыққа алады, істелген жұмысты дұрыс бағалайды, түсінбегенін сұрап алады, қажетті нәтижеге жетеді.

Екінші деңгей – неғұрлым нашар деңгей. Оқу әрекетінің бар белгілері тұрақсыз. Олар нұсқауларды тыңдап, жұмыс кезінде пайдаланады, тапсырманы орындау кезінде біріне-бірі еліктеуге бейім тұрады, өз нәтижелері мен басқалардың нәтижелерін салыстыра отырып, өзіне-өзі бақылау жасайды.

Мектепке дейінгі балалық шақта бала қоршаған дүниені жинақтау нәтижесі болып табылатын заттық үлгілерді қолданудан көпшілік қабылдаған сенсорлық этолонға ауысады. *Сенсорлық этолондар* дегеніміз – адамзат баласы дамуында қалыптасқан заттар мен құбылыстардың қасиеттері, ажырату белгілерінің түрлері.

Бұларға: *түс, пішін, заттардың шамасы, олардың кеңістіктегі орны, дыбыс күші, уақыт аралықтарының ұзақтығы, тағы басқалар жатады.* Баланың сенсорлық этолондарды игеруі балалар бақшасының бағдарламасына сәйкес жеке геометриялық пішіндермен, түстермен танысудан басталады. *Заттардың қасиеттері туралы кез келген түсініктер пайда болу сияқты сенсорлық этолонды меңгеруде, үлгілердің мәніне ие болуға тиісті тексерілуге бағытталған пішіннің жеке түрлері, түсі, шама бойынша қатысы басқа да қасиеттері мен қатыстылығы қабылдау әрекеттерінің нәтижесінде өтеді.*

1 жастан 3 жасқа дейінгі сенсорлық тәрбие балалардың әр түрлі сенсорлық әсерлерін байытуға бағытталған. Ол баланың жалпы ақыл-ой дамуының негізін құрайды, сенсорлық этолондар мен қарапайым объектілерді меңгеруге негізделеді және кейінгі танымдық, интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерді дамытудың алғы шарты болып табылады. Сенсорлық тәрбие жалпы сенсорлық қабілеттерді қалыптастыруды және балалардың бойында аналитикалық қабылдауда, түстердің үйлесімін заттардың пішіндерін тани білуді, шаманың жекелеген өлшемдерін ажыратуды көздейді.

Мемлекеттік білім беру стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру әрбір педагогқа оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Ол үшін әрбір педагог өзінің инновациялық даярлығын қалыптастыруы қажет.

Педагогикалық үрдісте қолданылатын негізгі әдіс – ойын. Ойын арқылы психикалық үрдістер: қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу әрекеттері арқылы қалыптасады. Осы орайда, ойын теориясы мен практикасын мектепке дейінгі кезеңнен бастау керектігін зерттеп, дәлелдеген отандық және шетелдік педагогтер, психологтар, социологтарды атап кеткен жөн. Иохан Хейзингтің «*Ойыншыл адам*», Д.Б. Элькониннің «*Ойын психологиясы*», Эрик Берннің «*Адамдар ойнайтын ойындар*» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын зерттеуші Ресей ғалымдары: А.В. Вербицкий, Т.В. Кудрявцев, И.П. Пидкасистый, қазақстандық ғалымдар: Н.К. Ахметов, Ж.С. Хайдаров, т.б.

Сәбилердің бірінші тобында басталатын сезім, түйсік, қабылдау сияқты психологиялық процестерді жетілдіру – сенсорлық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі.

Бұл міндетті орындауда берілетін білім, білік, дағдылары оқыту үрдісі кезінде ойын әдістері арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да 1 және 2-кіші топ балаларының сенсорлық дамуын қалыптастыруда қолданып жүрген танымдық ойындарды іс-тәжірибе ретінде ұсынамын.

Сәбилік шақта дидактикалық ойындар барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістерді дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Осыған орай, 1 және 2-3-кіші топ балаларының сенсорлық дамуын

қалыптастыруда қолданып жүрген танымдық ойындардан мысал келтіруге болады:

Баланың сенсорлық дамуы – ол баланың сыртқы заттардың пішініне, түсіне, мөлшеріне, кеңістіктегі орнына және де әр түрлі иістер мен дәмдерге көзқарасының дамуы мен қалыптасуы. Сенсорлық даму, бір жағынан баланың ақыл-есінің дамуының негізі, екінші жағынан, өзіндік маңызға ие, себебі, баланың қарқынды оқуы үшін (балабақшада, мектепте, басқа да оқу орындарында) толыққанды тәрбиелеу үшін қажет.

Қоршаған ортаның әр түрлі заттары мен әсерлерін қабылдаумен таным пайда болады. Таным процестерінің басқа да түрлері – есте сақтау, ойлау, елес қабылдаудың арқасында дамып жетіледі. Сондықтан да ақыл-естің дұрыс дамуы толыққанды қабылдаусыз қалыптасуы мүмкін емес.

Сәбилік кезеңнен берілген сенсорлық тәрбиенің дұрыс болуы, мектепке дейінгі кезеңге ауысқанда сурет салуға, конструктормен жұмыс істеуге, табиғаттың тылсым құбылыстарымен танысуға, математика негіздерімен танысуға көп көмегін тигізеді. Сенсорлық қабілеттер – музыканттың, суретшінің, архитектордың, жазушының жетістіктерінде маңызды орын алады. Сенсорлық қабілет сенсорлық дамуға байланысты баланың ерте жасында білінеді. Болашақта баланың мамандықты таңдауда сенсорлық дамуы маңызды орын алады, оның негізі, балабақша. Сенсорлық эталонды меңгеру қандай да бір қасиетті дұрыс айта білуді үйрену. Әр түрлі қабілеттерге дұрыс көзқарас болу қажет және де бастысы осылардан қорытынды шығару үшін әр түрлі жағдайларға оң көзқарас болуы.

Колледж студенттері арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері

Ж. БЛИМОВА

Қарым-қатынас психологиясы адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі, еліктеу, сендіру және нандыру, ұйымшылдық немесе жанжалдық, біріккен іс-әрекет және тұлғааралық қатынастарды, құбылыстарды зерттейді. Осы психологиялық құбылыстың әр түрлілегінде, олардың пайда болуының негізгі қайнар көзі болып адамдар арасындағы қарым-қатынас аймағы болып табылады.

Тұлғааралық қатынас – этнопсихологияда әрбір тайпаның, халықтың ұлттық дәстүрлерге байланысты әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері

және т.б. тұлғааралық қатынас әрбір халық пен ұлттың этностық қарым-қатынас ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

Қарым-қатынассыз адамның тек өзін-өзі танып білу, әлеуметтену, яғни индивидтің жеке тұлға ретінде дамуы, әлеуметтік тәжірибені адамнан адамға, ұрпақтан ұрпаққа тарату, әлеуметтік топтардың қауымдас-тықтар мен мемлекеттердің өмір сүруінің өзі, сондай-ақ, индивидтің (дара адамның) психикалық іс-әрекеті де мүмкін емес.

Объективті қатынастар мен байланыстар (тәуелді болу, бағыну қатынастары, ынтымақтастық, өзара көмек көрсету және т.б.) кез келген нақты топта сөзсіз және заңды түрде пайда болады. Топ мүшелерінің арасындағы мұндай объективті өзара қатынастардың көрінісі болып әлеуметтік психология зерттейтін субъективті тұлғааралық қатынастар табылады.

Топ ішіндегі тұлғааралық өзара әрекеттесулер мен өзара қатысуларды зерттеудің негізгі жолы – бұл әр түрлі әлеуметтік фактілерді, сондай-ақ аталмыш топтың құрамына енетін адамдардың өзара әрекеттесулерін терең білу.

Сонымен, бұл барлық өндіріс адамдардың бірігуін талап етеді. Алайда, ешқандай адамзат қауымы егер өз құрамындағы адамдар арасында байланыс орнамаса, олардың арасында өзара түсіністікке қол жетпесе толыққанды бірлескен іс-әрекетті іске асыра алмайды.

Өзім қызмет ететін Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар және басқару колледжі студенттерінің өзара қарым-қатынасы жайлы айтатын болсам, көпшілік студенттер өзара тығыз әрі достық қарым-қатынаста. Алайда, арасында түрлі отбасылық факторларға және жас ерекшелік факторларына байланысты қарым-қатынасқа қиын түсетін, тұйық немесе агрессивті студенттер кездесетіні табиғи құбылыс десек те болады. Колледж студенттерінің арасында жағымды психологиялық климат қалыптастырып, студенттер бойында өзара позитивті әрекеттердің болуын психолог ретінде қамтамасыз етіп келемін. Оған түрлі тренингтер мен психологиялық ойындар көмектеседі. Әр тренингтен соң студенттер өз ойларымен бөлісіп, рефлексия жүргізу барысында келесі қадамға арналған қорытындылар жасауға мүмкіндік туады. Жасөспірім шақ – тұлға дамуының ең күрделі кезеңдерінің бірі. Себебі, бұл жеткіншектің миының дамуына психикасының реакциясы қатты әсер етеді. Әр студентте ол өзгерістер әр түрлі көрініс табады. Ашуланшақ, қызба мінезді холерик студенттерді өз бойындағы қызбалылықты басқаруға үйрету – оңай шаруы емес. Дегенмен ХХІ ғасырда психолог – маңызды қызметтердің бірі болып салған уақытта, ондай мәселелерді шешу аса қиын емес.

Колледж студенттері арасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған ойындар

«Мен кіммін» ойыны. Әр адамның жеке басының ерекше қасиеті бар. Өзі жайлы оны ерекшелейтін теориясы да бар. Ол сонысымен өз-

гелерден ерекшеленіп тұрады. Сондықтан мынадай сұрақ туындайды. «Менің көзқарасыммен өзгелер бөлісе ме?...». Ойыншыларға ақ парақ алып, оны көлденеңнен 3 қатарға бөліп тапсырылады. Бірінші қатарға «Мен кімін» сұрағына тез арада он сөзді жазып жауап беріңіз. Екінші қатарға осы сұраққа сіздің туыстарыңыз, достарыңыз не деп жауап береді деп ойлайсыз, соны жазасыз. Үшінші қатарға топ ішінен біреу жазады. Ол үшін жауап сұрақтары, үстел бетіне қойылады, әркім өзіне түскен парақты алып, иесі туралы үшінші қатарды толтырады. Болған соң әркім өз парағын алады. **Талқылау:** талқылау барысында мына мәселелерге көңіл аударған жөн: Үшінші қатардың ішінде қайталанған сөз бар ма? Бұл сөз нені білдіреді? Қаншалықты адам өзін жақсы біледі? (1-қатардағы сөздер саны). Өзіне деген (жағымды немесе жағымсыз); өзіндік «Мен тұжырымдамасы» басқалардың айтқанымен сәйкес келе ме?

«Пікірталас» ойыны.

Топ «үштікке», яғни үш-үштен бөлінеді. Әрбір үштікке міндеттері бөлініп беріледі. Қатысушылардың біреуі «керең және мылқау» рөлін ойнайды: ол ештеңе естімейді, сөйлей алмайды, бірақ, оның құзырында көру, ым-ишара пантомимика бар; екінші қатысушы «керең және сал адамның» рөлін ойнайды: ол сөйлей және көре алады; үшіншісі: «соқыр және мылқау», ол тек естуге және көрсетуге қабілетті. Барлық үштікке ұсынылатын тапсырма: кездесу орны, уақыты және мақсаты жайында келісу.

Доп лақтыру: Тренинг қатысушылары бір-біріне қолдарындағы допты лақтыра отырып креативті адамға тән қасиеттерді, мінез-құлықты, іс-әрекеттерін айтады...

«Жұптар» ойыны.

Қазір топта сіздер өздеріңізге жұп іздейсіздер. Оны сіздер көзбен тауып, белгілеп, нақтылайсыздар. Содан кейін, іздеңіздер дегенде, көздеріңізді жауып сол жұптарыңызды тауып алуға болады. Бірақ ешкім сөйлемейді. Жеті минут уақыт беріледі.

«Жануарлар» ойыны. Қазір мен сіздерге қағаз беттерін таратамын. Онда әр түрлі жануарлар аттары жазылған. Мұнда бір жануар бірнеше рет қайталанады. Сондықтан сіздер бірнеше жануар топтарын құрасыздар. Бірақ, мен үш санағанда сіздер көздеріңізді жауып, бір-бірлеріңізді сол жануар дауысымен айғайлап табысасыздар.

«Апельсин» ойыны. Қазір менің қолымда доп бар. Сіздер бұл допты апельсин деп елестетіңіздер. Қазір апельсинді бір-бірімізге лақтыра отырып, қандай апельсин лақтырғандарыңызды айту керек. Мысалы, апельсин тәтті (ой жылдамдығы, еске тез түсіру, саналы түрде жаңа бір аймақтарға ауысу). Жер, су аттары.

«Ғажайып оқиғалар» ойыны. Қазір топшаларға бөлінеміз. Ғажайып оқиғаларды құрастырамыз. Мысалы: егер бүкіл әлемнің машиналары тек жасыл түсті болса. Енді осы жағдайдың жаман, жақсы, қызықты жақтарын айтамыз. Мысалы: жақсы жағы: машина краскаларын шығарған-

да жеңіл болар еді; жаман жағы: өз машинаңызды автотұрақтан табу қиын. Қызықты жағы: адамның психикасына осыншама жасыл түстер қалай әсер етеді екен?

Рефлексия.

Колледж студенттерінің тұлғааралық қарым-қатынасын нығайтуға жағымды әсер ететін жаттығулар мен ойындар түрлері осымен ғана шектелмейді. Түрлі жағдайларға байланысты тренинг бағытын өзгертіп, түрлі нәтижелерге қол жеткізуге болады. Барлығы студенттердің психологиялық диагностикасынан кейінгі қорытындаға байланысты. Колледж психологы осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, өзіне лайықты ойындар мен жаттығулар түрін таңдап алуына толық мүмкіндіктері бар.

Мектеп түлектерінің сенімділіктерін арттыруға арналған психологиялық жаттығулар

А. СЕРЖАНОВА

Мақсаты:

1. Мектеп түлектерінің сенімділіктерін, мінез-құлқын, эмоциялық ерік-сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру. Өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру;

2. Мақсатқа жетудегі үміт пен сенімділікті ояту. Өз-өзіне деген сенімділік туралы білімдерін жаттығулар арқылы нығайту;

3. Мектеп түлектерін үнемі ақжарқын, көңілді, мейірімді болуға және өркім өз тағдырына жауапты екенін айта отырып, өмір заңдылықтарына төзімді, шыдамды етіп тәрбиелеу.

Көрнекілігі: жүрекшелер, қалам, жұмсақ ойыншықтар, маркер, түрлі-түсті қарындаштар, бет А4, доп, айна, қорапша, майшам, сіріңке.

Сабақ әдісі: әңгімелесу, талдау, сұрақ қою, пікір алмасу.

Түрі: тренинг-сабақ.

Тренинг-сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі

Қатысушылардың дайындықтары тексеріледі.

- *Балалар, бүгінгі біздің тренинг-сабағымызға қош келдіңіздер!*

«Күлім қағып қолымды...» амандасу жаттығуы

Қатысушылар шеңберге тұрып, жүргізушінің айтқан сөздері мен қимылдарын қайталайды.

Күлім қағып қолымды, 1, 2, 3 деп соғамын. Қарап тұрған көршіме қолымды мен бұлғаймын. Жылы-жылы жүзбенен маңдайыңнан сипайын.

Жылы-жылы сөзбенен жүрегімді сыйлайын.
Жылы алақаныммен қолыңды бір қысайын,
Амандасып өзіңмен құшақтасып алайын.

«Есім + комплимент» жаттығуы.

- Балалар, сіздер білесіздер, мен, өз-өзіне сенімді адам өзі туралы көп жақсы нәрселер айта алады, өз-өзін мақтай алады. Өз-өзімізге деген сенімділіктерімізді осы жаттығу арқылы арттыруды ұсынамын.

Әр қатысушы өз есімін айтып, өзі туралы жағымды ақпарат береді.

Әңгімелесу:

- Сенімділік деген сөзді қалай түсінесіздер? Жалпы сенімділік деген не?

- Өз-өзіне деген сенімділік дегенді қалай түсінесіздер?
- Өз-өзіне деген сенімділік біздің өміріміз үшін маңызды ма? Неліктен?
- Өз-өзімізге деген сенімділік неге байланысты?
- Әрқашан да біздер өз-өзімізге сенімді бола аламыз ба?

(Кейбір жағдайларда қорқыныш адамды билейді: ұтылу, жеңіліп қалу қорқынышы араласып, кедергі келтіреді. Егер де сенімділіктеріміз тұрақты болмаса, осындай жағдайда сенімділіктеріміз азайып, сенімсіздік пайда болады. Өз сенімділіктерімізбен біздер әрқашан да жұмыстану керекпіз).

Бауыржан Момышұлы былай деген: «Сенімділік табысқа жетуге деген құлшынысты арттырады, бойға қуат береді, әбден айқындалған әмір беруге немесе жеке іс-қимылға шақырады. Яғни, дереу әрекет жасауға термелейді».

Адамның өз-өзіне деген сенімділігі тұлға ретінде өте маңызды болып келеді, өзінің жеке пікірі болады, өзінің сезіміне сене алады. Балалар үлкендермен, өз замандастарымен тілдесу арқылы басқа адамдармен өмір сүруді үйренеді, қоғамдағы тәртіп ережелерін меңгереді.

Өз-өзіне деген сенімділік – адамның дене бітімімен қоса ой-санасының да түзу және дұрыс дамуының нәтижесі. Адам бойындағы сенімділіктің қарым-қатынаста және дербес шешім қабылдауда зор әсері бар. Өзіне сенімді адам айнаға қарағанда, сүйіспеншілікке, қамқорлық пен көңіл бөлуге лайықты адамды көреді.

«Құмыра» жаттығуы

Қатысушыларға таза парақ беріледі. Таза параққа құмыраның суретін салу тапсырмасы беріледі. Әр оқушыға өз-өзіне деген сенімділік пен өз-өзін бағалау деңгейі айтылады.

(Неғұрлым құмыраның суреті парақтың жоғарғы жағына салынса, соғұрлым өз-өзін бағалау деңгейі жоғары. Неғұрлым құмыраның суреті үлкен болса, соғұрлым өз-өзіне деген сенімділік жоғары. Неғұрлым құмыраның аузы ашық болса, соғұрлым сурет салушы адамның қолы да ашық)

Әңгімелесу:

- Қалай ойлайсыздар, оқушылар, өз-өзіне деген сенімділікті қай кезден тәрбиелеуге болады?

- Баланың өз-өзіне деген сенімділігі ең бірінші кімге байланысты деп ойлайсыздар?

Кішкентай кезіңнен ата-анасы баласына қолдау көрсетіп отырса, бала басқалармен қарым-қатынаста оң нәтижеге қол жеткізеді. Мұндай бала белсенді және көтеріңкі көңіл-күймен барлық қиыншылықтарды оңай жеңеді. Кез келген түйінді мәселенің шешімін табуға ешбір қиындықсыз ба-тыл кірісіп кетеді. Демек, адам өмірінде өз-өзіне деген сенімділік ерекше рөл ойнайды.

АҚШ-тың 42-президенті Билл Клинтонға анасы үнемі «Қай кезде де сенікі дұрыс» деп айтқан. Яғни, өзіне деген сенімділіктің басым болуы, ол алдағы қиындықтарды, бәсекелестерді мойымай жеңу деген сөз.

Сенімді жандардың мінез-құлықтары да бір қалыптан аспайды. Мәселен, өз кезінде Ұлыбританияның саясаткері Маргарет Тэтчер де, бір топ психологтармен етене араласып, өзінің тік мінезімен «Темір леди» атанған.

Сенім жеке адам өмірінің ұстаным беріктігін нығайтады, мінез-құлқын сипаттайды. Дұрыс сенім – дұрыс әрекет кепілі. Адам мұраты – адам баласының жоғары мұрат-мақсаттары, өмірге ұмтылушылығы, талаптанушылығы. Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі үрдіс. Сондықтан да, ол адам өмірін толық қамтиды. Нәтижесінде, жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық етеді.

Әңгімелесу:

- Өз-өзіне сенімді адам айналасындағы адамдармен қандай қарым-қатынаста болады деп ойлайсыздар?

(Өз-өзіне сенімді адам айналасындағы адамдармен бірігіп жұмыс жасай алады, өйткені ол өзі қандай болса, айналасындағыларға да солай қарайды).

- Қазір біздер қаншалықты бір-бірімізбен біріккен жұмыс жасай алатынымызды байқаймыз? Ол үшін сіздерді ортаға шақырамын.

«Допты шынтақпен беріп жалға» жаттығуы

Қатысушылар шеңбермен тұрып, жүргізуші шынтағымен берген допты құлатып алмай жалғайды. Доп құлап қалған жағдайда, жаттығу басынан басталады.

«Мұнара» жаттығуы

Қатысушылар шеңберге тұрады. Шеңбердің ортасына бір оқушы шығып, мұнара секілді артқа қарай құлау керек. Ал айналасындағы қатысушылар оны құлатпай ұстап қалу керек. Ортадағы оқушы ауысып тұрады.

«Мен саған сенемін!» жаттығуы

Қатысушылар шеңбермен тұрады. Шеңбердің әрбір жерінде тұрған үш оқушыға жұмсақ ойыншықтан беріледі. Әр оқушы «Мен саған сене-

мін!» сөздерін айтып, жұмсақ ойыншықты қарама-қарсы тұрған оқушыға лақтырады. Жұмсақ ойыншықты ұстап алған оқушы жаттығуды жалғастыра береді.

Мәлімет беру: Психологтар не дейді?

Өзіне-өзі сенімді адамдар әрқашан өзі қалаған нәрсесін тез арада бастап кете алады. Сонымен қатар, олар өзіне-өзі сенімсіз жандарға қарағанда шешімді, қандай іске болса да тиянақты әрі өте сенімді болады екен. Олар өз-өздеріне сенімді болатындықтары соншалықты істегелі отырған әрбір істерінен еш қателеспейді. Бұл жайлы АҚШ психологтары сенімді және сенімсіз адамдарды түрлі әдістермен, мәселен, бір ғана гипнозбен адамның өзіне деген қорқынышы мен қаншалықты батыл екендігін анықтаған. Өзіне сенімді адамдар тәуелсіз болып келеді және олар алдағы жоспарларын өздері талдап, өзгелерден бұрын жемісін көреді.

Адамның сырт келбетінің өзі адамның қандай екенін байқатады. Өз-өзіне деген сенімділігі күшті дамыған адамдардың **сөйлеу мәнері** де ерекше болатыны анықталған. Олар нық, орынды, әрбір сөзді өз мәнерімен сөйлей алады. Сенімді адамдар айғайлап сөйлемейді, олар сөйлегенде дененді шыбын шаққандай әсер қалдырып, сондай бір керемет сезімге бөлей отырып сөйлеседі. Оның ішкі таласы «мен бәрінен де жақсырақпын!» деп тұрады.

Ұялу, өзіне-өзі сенбеу жақсы қасиеттер емес. Ең бастысы, өз білгеніңше іс баста. Өзгелерге өтірік айтпа, ұрыс-керістерден қорықпа. Басқалар секілді сенің де қателесуің мүмкін екенін ұмытпа. Адамның сенімділігінің басты кепілі – үнемі күліп жүру екенін жадыңнан шығарма.

«Сенімділік тұмары» жаттығуы

Қатысушыларға бірнеше жүрекшелері бар жүректер суреті беріледі. Жүрекшелерді өз қалаулары бойынша бояп, қатты ұнап қалған жүрекшенің ішіне «Мен 100 пайыз өз-өзіме сенімдімін!» деген жазу жазады. Қалған жүрекшелерге алдарына қойып отырған мақсаттары мен армандарын жазады.

- Құрметті оқушылар, бұл жүрек сіздердің «Сенімділік тұмары» болады. Тұмар сіздердің өз қолдарыңызбен жасалғандықтан маңызы зор. Бұл тұмарды өздеріңіз жиі болатын жерге (айнаның жанына, жататын орныңызға, сабақ оқитын жерге, т.б.) іліп қойыңыздар. Өз-өзіңізге сенімсіз болатын күндеріңізде, жабырқаулы кездеріңізде бұл тұмарға қарасаңыз, ол сіздерге күш береді, өз-өздеріңізге деген сенімділігіңізді арттыра түсіреді.

«Айна» жаттығуы

- Сонымен, оқушылар, өз-өзіне сенімді адамдар қандай болады? Сабақтың басынан бастап айтып, суреттеп отырған өз-өзіне сенімді адамды сипаттап бере аласыздар ма? (Оқушылардың жауаптары тыңдалады)

- Суретті көргенде қандай сезімде болдыңыздар? Бүгінгі сабақтан

соң сіздер өздеріңізге «Мен өзіме 100 пайыз сенімдімін» деп айта аласыз ба?

«Майшам тілегі» жаттығуы

Қатысушылар шеңбермен тұрып, тілектерін айтады.

Қорытынды сөз:

Егер де сіз денсаулығы мықты адам болғыңыз келсе, дерт немесе ауру туралы емес, денсаулық туралы ойлаңыз. Егер сіз жетістікке жеткіңіз келсе, «жолы болмайтын адам» адам деген ойдан арылығыз. Егер сіз бақытты адам болғыңыз келсе, онда қауіп-қатерден және мұңаюдан сақтаныңыз. Сіздің санаңыздың орнын не басса, сол ойлар бейсанаға, соқыр сезімге (подсознание) қосылады, ақыры сіздің өміріңіздің жартысына айналады. Сол үшін де тек жақсы ойлар ойлау керек. Жақсы ойлар ойласаңыздар, аз кемшіліктер жасап, бақыттырақ боласыздар. Өміріңіз жемісті болады. Өз-өзіне деген сенімділікті сезінудің өзі күш береді деп, өз сабағымды аяқтаймын.

Зерде бұзылыстары бар балалар психологиясындағы ойынның маңызы жайлы

Г. НҰРХАТОВА

Зерде бұзылыстары бар балалар үшін ойын сөйлеу тілінің қалыптасуына, танымдық қабілеттерінің дамуына көп әсер етеді. Зерде бұзылыстары бар балаларды жеке тұлға ретінде жан-жақты тәрбиелеуде және сапалы білім беруде ойын түрлерінің көптеген санын ұйымдастырудың және тиімді қолдана білудің маңызы өте зор.

Тиімді түрде пайдаланылған ойынның түрлері мұғалімдердің түсіндіріп отырған материалын, оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені, бастауыш сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Балалар ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Жолдас-тарынан қалып қоймау үшін сабаққа белсенді қатысып, қойылатын сұрақтарға жауап іздеп, ойлана бастайды. Сабақта ойын түрлерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін дамытуға әсер етеді. Ойын тілдің дамуы-

на да, ақыл-ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды, т.б. үйренеді. Ойын арқылы ұйымдастырылатын сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге, оның әдіскерлік, танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру.

Кейбір тәрбие сағаттарында өткізіліп, балалардың сүйікті ойынына айналған «Жалғасын тап» ойыны толық емес сөйлем берілген кезде қолданылады. Оқушылар қабілеттеріне қарай сөйлемді жалғастырып әкетеді.

Дидактикалық ойындар бастауыш сынып оқушыларына мейлінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нерсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сиқырлы дорбаның сырын ашайық» - деген ойынды тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды.

Рөлдік ойындар зерде бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларының өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақа та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті-рөлді ойындар бейнелеу құралы рөл мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы, «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шаш-тараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады. Тәрбиеші өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалы бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөлді ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластырады.

Тәрбиешілер балалармен ойын ойнау барысында сөздік жұмысын жүргізуге де көңіл бөледі. Яғни, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге де үйретеді.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең

негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын – сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп топтағы балалардың зерде бұзылыстарының деңгейіне сәйкес бағдарламалық жоспардағы міндеттерді меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінің қиялын дамытады.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өткізіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш?», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «Төртінші не артық?», «Есінде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Қорытындылай келе, балалардың сөздік қорларын дамытуда, сөйлеу шеберлігін жетілдіруде, ойлау және іс-әрекет жасау дағдыларын дамытуда, белсенділік және ұйымдастырушылық қасиеттерінің қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің бойына сіңуіне, қол моторикасының машықтануына тәрбие сағаттары мен сабақ барысында ойындарды қолдану үлкен нәтиже береді.

Безопасное медиапространство для детей и подростков

**С.Е. РАХИМЖАНОВА,
А.В. ЕРМАКОВА**

В настоящее время Интернет стал неотъемлемой частью нашей повседневной жизни. Использование Интернета в образовательных учреждениях и дома расширяет информационное образовательное пространство и позволяет повысить эффективность обучения. Доступ учащихся к информационным ресурсам сети Интернет дает возможность пользоваться основным и дополнительным учебным материалом, выполнять домашние задания, самостоятельного обучаться. Благодаря таким ресурсам появляется возможность узнавать о проводимых дистанционных олимпиадах и конкурсах, принимать в них активное участие.

Однако использование Интернета в образовательной деятельности таит в себе много опасностей. Очень важно, чтобы Интернет был безопасный. По статистическим данным на сегодняшний день насчитывается от 8 до 10 млн. Интернет-пользователей в возрасте до 14 лет. Две трети детей выходят в глобальную сеть самостоятельно, без присмотра родителей и педагогов. Не секрет, что у многих развивается Интернет-зависимость и игромания. Отказываться от информационных технологий бессмысленно, но бесконтрольный доступ к Интернету может привести:

- к киберзависимости;
- нарушению нормального развития ребенка;
- неправильному формированию нравственных ценностей;
- знакомству с человеком с недобрыми намерениями.

Однако для детей и молодежи Интернет главным образом является социальной средой, в которой можно не только встречаться с друзьями, но и с незнакомцами. В Интернете пользователя могут обидеть, запугать или даже оскорбить. Лучшей защитой является руководство собственным здравым смыслом. Наиболее важной задачей является предупреждение детей об опасностях Интернета, чтобы они вели себя осторожно.

Сегодня проблема информационной безопасности школьников стала актуальной. Надо с первого знакомства с информационными технологиями разъяснять ребенку, как ему вести себя в информационном пространстве. Важно, чтобы взрослые, и дети понимали, что в информацион-

ном пространстве есть свои плюсы и минусы. Необходимо научить детей извлекать из ресурсов только лучшее и безопасное, делать осознанный и грамотный выбор. Необходимо обсуждать с детьми все вопросы, которые возникают у них при использовании Интернет. Чем больше взрослые будут знать о том, как дети используют Интернет, тем проще определить и объяснить, что является приемлемым и безопасным.

Для решения вопросов безопасности Интернета в лицее организован технический контроль, сканируются страницы учащихся с 6-11 класс. Экспертами осуществляется еженедельный мониторинг результатов и проводятся беседы с учащимися и родителями.

Профилактическая работа с учащимися проводится с учетом их возрастных особенностей. В начальной школе – в виде сказок, игр, викторин. В средней школе – в виде бесед, ролевых игр, диспутов, дебатов, тренингов. В старшей школе – в виде проектов, выпуска стенгазет, участия в акциях, конкурсах.

В рамках Республиканской акции «Скажи жизни – Да!» проводился ряд мероприятий, направленных на обучение детей, родителей и педагогов правилам безопасного пользования Интернетом. Это классные часы по теме «Этика сетевого общения»; конкурс плакатов «Безопасность в Интернете», выпускаются листовки, памятки, стенгазеты для учащихся и т.д.

Формирование информационной культуры и безопасности – процесс длительный и сложный, но важный и необходимый. Интернет может быть и всемирной энциклопедией, объединяющей информационные ресурсы во всем мире. Задача взрослых (педагогов, родителей) – формирование разносторонней интеллектуальной личности, высокий нравственный уровень которой будет гарантией ее информационной безопасности.

Рекомендации для родителей:

1. **Установите компьютер в общей для всей семьи комнате.** В этом случае разговор об Интернете и наблюдение за его использованием станет естественным в повседневной жизни. Обсуждение проблем может стать проще, если компьютер находится в общей комнате. Кроме того, Интернетом можно пользоваться вместе;

2. **Обсуждайте информацию в Интернете.** Проявляйте интерес к действиям ребенка и его/ее друзей как в Интернете, так и в реальной жизни. Расскажите ребенку о прекрасных и увлекательных вещах, которые возможны в Интернете, а также о трудностях, с которыми можно столкнуться. Обсудите с ребенком действия, которые необходимо

предпринять, если чувствуется неловкость в какой-либо ситуации в Интернете;

3. **Узнайте больше об использовании компьютера.** Если вы сами являетесь пользователем Интернета, вам будет проще определить правильную тактику для детей и помочь им найти в Интернете полезный материал;

4. **Используйте Интернет вместе.** Найдите сайты, которые подходят для детей, или узнайте о способах поиска полезной информации: запланируйте совместную туристическую поездку, просмотрите образовательные сайты для помощи в школьных заданиях или найдите информацию об увлечениях детей. Просматривая веб-сайты в Интернете вместе, можно также помочь ребенку оценить значимость найденной информации. Можно добавить любимые сайты в папку «Избранное», чтобы совместно просмотренные ранее веб-сайты можно было открыть одним щелчком мыши;

5. **Договаривайтесь с ребенком о способе и времени использования Интернета.** Может оказаться полезным согласовать с ребенком время, которое он проводит за компьютером и список веб-сайтов, которые он может посещать. Это необходимо обсудить с детьми и прийти к определенному решению, которое всех устраивает.

Помните:

- Обсудите с детьми опасные последствия предоставления личной информации;
- Личную информацию рекомендуется скрывать во многих различных ситуациях;
- Пользователям никогда не следует сообщать пароли никому, даже давним друзьям. Кроме того, пароль необходимо регулярно менять;
- Интернет является общественным местом. Перед публикацией любой информации или своих фотографий (а также фотографий других людей) следует помнить, что любой сможет получить доступ к этой информации. Чтобы выяснить, какая информация о вас доступна в Интернете, используйте поисковый модуль и в качестве поискового слова введите собственное имя;
- Детям должна быть предоставлена возможность поговорить с родителями об отрицательном опыте, полученном в Интернете.

Интернет открывает новые возможности для оскорбительного поведения. Люди могут публиковать в Интернете слухи, фотографии или другую личную информацию, либо отправлять злоумышленные сообщения как анонимно, так и от чужого имени. Сообщения

SMS и камерофоны открывают новые возможности не только для развлечения, но и для эксплуатации. Запугивание в школе обычно заканчивается вместе с занятиями, но в Интернете обидчик может настигнуть свою жертву в любое время. Кроме того, у этих обидчиков имеется список пользователей, которых они могут запугивать в Интернете. Если ребенку нравится общаться через Интернет, такие риски необходимо обсудить заранее и ему необходимо дать совет относительно действий, которые следует предпринять при причинении беспокойства.

Это является важным по следующим причинам:

- Запугивание в Интернете часто происходит в отсутствии взрослых;
- Дети часто полагают, что если сообщить об этом родителям, это только усугубит ситуацию;
- Анонимность и низкая вероятность быть наказанным приводит к тому, что люди начинают делать то, чего они не сделают в других обстоятельствах (например, могут сказать человеку то, чего они не скажут при личном общении);
- Запугивание в Интернете легко осуществимо с технической точки зрения. Для отправки злонамеренного сообщения или публикации оскорбительного текста, доступного широкой аудитории, требуется несколько щелчков мышью.

Совет:

Даже если ребенок не сталкивался с оскорблениями в Интернете, рекомендуется обсудить с ним/ней следующие вопросы:

2. Ұзақ уақыт сөйлемей;
3. Көңілді болу;
4. Тәртіп сақтау.

I. «Менің көңіл-күйім»

Мақсаты: Өзінің көңіл-күйі туралы әңгімелеуді үйретеді, басқалардың көңіл-күйін танып білуді, эмпатияны дамытады.

Балаларға өзінің көңіл-күйі туралы өзгелерге әңгімелеу ұсынылады: оны суретке салуға болады, қандай да бір гүл, жануар, жағдайлармен салыстыруға болады, оны іс-әрекетте көрсетуге болады – барлығы баланың фантазиясы мен қалауына байланысты.

II. «Барлығына қуаныш сыйлау»

Мақсаты: Ұжымдық сезімді, достықты үйренуді, дұрыс таңдау жасауды, құрдастарымен бірлесуді дамыту.

Балаларға тапсырма беріледі. «Егер сен сиқыршы болсаң және ғажайып нәрсе жасай алсаң, қазір біздің барлығымызға не сыйлар едің және қандай тілек тілер едің?». Әр бала ортақ гүлден бір-бір жапырақтан үзіп алып, бір тілек тілейді.

Ұш, ұш, жапырақ батыстан тіке шығысқа,
Солтүстіктен, оңтүстікке, бір айналып қайт қолыма.
Мендік болуын бұйыр жерге егер тисең,
Бұйыр, тек

III. «Ең жақсы досымның портреті»

Мақсаты: Оқушылар арасындағы достық сезімін ояту.

Балаларға өзінің ең жақын досының портретін салуға тапсырма беріледі. Кейін әңгіме өтеді:

- Сен кімді жақсы, ең жақын досым деп санайсың?
- Қандай қасиеттерімен бұл адам баурап алады?
- Сіз де өзіңізді жақсы дос санағанын қалайсыз ба?
- Ол үшін не істеу керек, өзінді қалай ұстау керек?

Талқылау тұсында көңілді қарым-қатынастың ережесі қалыптасады, яғни балаларға қолжетімді түрде сызба түрінде салынады немесе ақ параққа таспа әріптермен жазады (егер балалар оқи алатын болса).

Мысалы:

- Досыңа көмектес;
- Онымен бөліс, ойнауды үйрен және бірге жаттығуды;
- Егер жаман бір нәрсе жасаса, досыңды тоқтат. Оған оның дұрыс еместігін айт;
- Ұрыспа, кез келген нәрсеге бәстеспе; барлығымен дос болып ойна;
- Қызғанба;
- Егер сен жаман қылық көрсетсең оны мойындауға қорықпа, кешірім сұра;
- Біреу жеңілген кезде қуанба. Егер шамаң келсе оған көмектес;
- Егер өзің жеңіліп қалсаң, басқаларға ыза-кек сақтама, мүмкін сен

келесі жолы жеңерсің.

IV. Мәтінмен жұмыс.

Екі дос (Ел аузынан)

Ертеде ел арасында жаугершілік жиі болатын кезде қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады.

Бірде әскерлер бір өзеннің бойында қос тігіп дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Малды айдап, мүліктерін тиеп кетіпті. Қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасына апаруын өтінеді. Алып келген соң ол жаудың қолбасына:

- Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбастап берер малым-мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол – өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар, ол үшін менің өмірімді алыңдар, - дейді.

Қолбасы ойланyp отырып, оны сынамақ болады да:

- Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады, - дейді.

- Ол не? - дейді досын құтқаруға асыққан жігіт.

- Маған сенің көздерің керек? - дейді қолбасы, - екі көзіңді ойып аламын.

- Ол да болсын, көзімді ал да, досымды тезірек босат, - дейді.

Жігіт бұл сыннан сүрінбей өтеді.

Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын салып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады.

Мұны көрген жаудың қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады», - деп түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық беріпті.

1. Екі жауынгер қалай дос болыпты?

2. Қазақ жауынгері досын тұтқыннан құтқару үшін не деді?

3. Қолбасы оны қалай сынамақ болды?

4. Қолбасының өз әскерлерін алып кетуіне не себеп болды?

5. Бұлар қалай достасты?

V. Тыныштық сәті.

Балалар, орындарыңызға емін-еркін жайғаса отырыңыздар. Енді көзімізді жұмып, әркім өзінің досы, оның жақсы қасиеттері, жасаған жақсылықтары, сыйлаған сыйлықтары туралы ойлаймыз. (2-3 секунд)

Балалар, достарымызды ойлап болсақ, көзімізді ашайық. Параққа

аты-жөнімізді жазып, ойлаған досымыздың есімімен жақсы бір қасиетін жазайық.

VI. «Қазіргі көңіл-күйім» жаттығуы.

Тренинг сабақтан алған әсерлерін, көңіл-күйін, таңдап алған смайликтер бойынша сипаттап айту.

Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасқа арналған психологиялық тренинг

Н. БӨПЕЖАНОВА

Мақсаты: ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Тренинг бағдарламасы:

1. Есімдер аллитерациясы;
2. Баяндама. «Ата-ана махаббаты»;
3. «Біз біргеміз!» жаттығулар;
4. «Өтінемін!» ойыны;
5. «Сиқырлы таяқша» жаттығу;
6. «Тілек шамы»;
7. Ой-толғаныс.

Тренинг барысы:

I. Ата-аналарды тіркеу. Бағдарламамен танысу.

II. Есімдер аллитерациясы.

Мақсаты: ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.

Шарты: әр отбасынан бір адам осы жерде отырған отбасы мүшелерінің есімдерін айтып және де есімдерінің бірінші әрпінен басталатын жағымды қасиетін айту керек.

Әр отбасының сөзінен кейін қалғандары үш рет қол соғып қошеметтеп қояды.

- Сіздің есіміңізді, жақсы қасиетіңізді айтып жатқанда қандай сезімде болдыңыз?

- Өзіңіз қазіргі кезде қандай көңіл-күйде отырсыз?

III. Баяндама. «Ата-ана махаббаты».

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынстарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата-ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін», - деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» - деп құдайға жалбарынған.

Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін күрделі процесс.

Ата-аналардың жастығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибенің жоқтығы, болмаса тәрбие жұмыстарында тек қана өз ойлары мен көзқарастарына ғана жүгінуі немесе қажетті педагогикалық білімдерінің жетіспеушілігі салдарынан тәрбие процестері көптеген қателіктерге ұшырап отырады.

Сондықтан да мектеп өміріндегі ата-аналардың педагогикалық білімін жетілдіру, мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіне белсене араластыру, соның нәтижесінде ата-ананы баланың алғашқы ұстазына айналдыру мақсатында ұйымдастырылатын семинар тренингтердің маңызы орасан зор.

III. «Біз біргеміз!» жаттығулар

Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.

«Қолынан танып біл!»

Көздері байлаулы әкелері балаларын тауып алулары керек.

Талдау:

1. Сізге балаңызды табуға не көмектесті?
2. Балаңыздың қолынан ұстағанда не сезіндіңіз?

«Біз бақытты жанұямыз!»

Алдын-ала салынған суреттер арқылы өз балаларыңыздың салған суреттерін тауып алыңыздар.

Талдау:

1. Өз отбасыңыздың суретін қалай таптыңыз?
2. Өз отбасыңызды табу қиын болды ма?

3. Суреттерден отбасыңыздың суретін тапқаннан кейін қандай сезімде болдыңыз?

IV. «Өтінемін» ойыны.

Мақсаты: Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бір-бірін тыңдай білуге үйрету.

Қатысушылар ортаға жартылай шеңбер жасап тұрады.

- Құрметті ата-аналар, балалар! Сіздер қандай «сиқырлы» күші бар сөздерді білесіздер?

- Рахмет, өтінемін, т.б.

- Мен әр түрлі өтініштер жасаймын, егер мен «өтінемін» деген сөзді айтсам сіздер оны орындауларыңыз қажет. «Өтінемін» деген сөзді айтпасам, сіздер ол өтінішті орындамайсыздар.

- секіріңдер;

- оң аяқтарын көтеріңдер;

- өтінемін, алақанмен қол шапалақтаңдар;

- өтінемін, бір-біріңді құшақтаңдар;

- оң қолдарыңмен сол құлақтарыңды уқалаңдар.

V. «Сиқырлы таяқша» жаттығу.

Сиқырлы таяқшаны бір-біріңе ұсына отырып, адам бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерді айтып шығайық

Жағымды	Жағымсыз
Мейірімділік	Өтірік айту
Жан ашу	Өшпенділік
Сыпайылық	Кек сақтау
Даналық	Тіл алмау

- Әр жағымсыз қасиеттің өзінің жақсы жағы болады. Мысалы: сараң адам ол – үнемшіл. Төбелесу – біреуге қол ұшын бері. Енді осы жағымсыз қасиеттердің де өзіндік жақсы жақтары болады, соны айтайық.

VI. «Тілек шамы».

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

- Құрметті ата-аналар, балалар. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта

алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

VII. Ой-толғаныс.

- Тренингтің басталуында сіздерге бағдарлама берілді. Сол бағдарламаның артында күн, гүл, жапырақ бейнесіндегі жапсырмалар бар.



- Осы белгілер бойынша ата-анаға, оқушыға, мұғалімге өз ұсыныстарыңызды немесе ой-пікірлеріңізді жазуыңызға болады. (Жазған пікірлерін оқи отырып, көктем бейнесін шығару).

Ата-аналармен жүргізілетін тренинг-жиналыс

Г. КЕНҒАН

Мақсаты: ата-аналар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал ету, өзін өмірдің бір бөлшегі ретінде сезіндіру, өзін және өзгені бағалай білуге көмектесу.

Тренинг ережесі: Сенімділік, сыйластық, жақын араласу.

Барысы: ата-аналар шеңбер жасай тұрады.

I. Сәлемдесу. «Бір күнгі танысыңа – қырық күн сәлем» дегендей, біз бүгін бір-бірімізбен дәстүрден тыс амандасу түрлерін жасаймыз.

1-нұсқа. Алақанымыздың ішін және сыртын тигізіп бір-бірімізге күлімсірей қарайық.

2-нұсқа. Бір-бірімізге маңдайларымызды тигізіп сәлемдесеміз.

3-нұсқа. Оң және сол жақ иықтарыңызды тигізіп сәлемдесу. Сәлемде-

су кезінде қандай әсерде болдыңыздар? Өмірдегі ең маңызды тіреулеріңіз кім? (Бала, жанұя, отағасы, т.б.)

II. Доппен жаттығу. Бала сіз үшін кім? Допты бір-біріне ұсынып сұраққа жауап беру. Бала – болашағым, серігім, бақытым, өмірімнің жалғасы, т.б.

III. Өзіңді теңей біл. Әркім өзін бір затқа немесе бір табиғат құбылысына теңейік. Мысалы: Мен бұлақпын. Мен адамдарды, жануарларды қоректендіремін. Мен өмірге керекпін.

IV. Сиқырлы қоржын. Ойлауға арналған сұрақтар. Әр адам қоржынан аяқталмаған сөйлемі бар үлестірмелер алады да өз сөздерімен сөйлемді аяқтайды.

1. Ең үлкен қорқыныш бұл –
2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін.....
3. Мен ренжимін, егер....
4. Мен қуаныштымын, себебі.....
5. Баланы үнемі қолдап отырса.....
6. Мен үшін бақыт деген.....
7. Отбасының қорғаны кім?...
8. Балаңыз сізге қасқыр мен түлкі туралы ертегі айтып беруін өтінді, сіздің әрекетіңіз...
9. Мақалды жалғастыр. Бала жас шыбық... (қалай исең, солай иіледі)
10. Ана – бауырындағы бұлақ.... (бала жағасындағы құрақ)
11. Балаңыздың қандай да бір іске өнері, қызығушылығы байқалса не істер едіңіз?
12. Сіздің балаңыз сізге түн неге қараңғы? Күн қайда кетті? деген сұрақтар қойса, қалай жауап берер едіңіз?
13. Балаңызды еркелеткенде қандай сөздер айтасыз?
14. Балаңыз сізді ренжітті, сіздің іс-әрекетіңіз.

V. «Өтінемін» ойыны. Мен сіздерге бірнеше нұсқаулар айтамын. Сіздер іс-қимылмен көрсетесіздер. Мен «өтінемін» сөзін қосып айтқанда ғана қимылды жасайсыздар. Мысалы: Өтінемін қолымызды көтерейік. Өтінемін билейік. Ал енді бір-бірімізді құшақтайық. Өтінемін бір-біріңізге қарап жымыңыздар. Ал енді қабағымызды түйеміз.

VI. «Майшам», «Тілек шамын» жағамын. Бұл шамды жаққан себебім әрқашан алдарыңыз осы жарық шырақ секілді ашық, жарық болсын, оттарыңыз сөнбесін деймін. Бір-біріне тілек айту. Құрметті ата-аналар бала тәрбиесі ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Олай болса, отбасында балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге атсалысайық.

Оқушыларға арналған психологиялық тренингтер

Ж. ЕРМЕККАЛИЕВА

№3 сабақ. «Өз жұлдызыңды тап»

Мақсаты: Оқушының өзіне деген сенімділігін арттыру.

Ал енді жұлдызыңды аспанды көз алыңызға елестетіңіз. Жұлдыздар алып және кішкентай, жарық немесе күңгірт. Біреуіңіз үшін ол бір немесе бірнеше жұлдыз. Олар бірде жақындайды, бірде алыстайды. Жұлдыздарға анықтап қарап, өзіңізге ұнағанын таңдаңыз. Мүмкін ол сіздің балалық арманыңызға ұқсайтын болар, мүмкін ол сізге қуаныш бақыт, сәттілік серпіліс сәттерін есіңізге түсіретін болар. Тағы да сол жұлдызыңызды тамашалап енді бар күшіңізді салып сол жұлдызға қолыңызды созыңыз және міндетті түрде сол жұлдызыңызға қол жеткізіңіз. Аспаннан мұқият түсіріп алып, ептеп алдыңызға қойыңыз, қандай екенін, қалай сәуле шашатынын есіңізге сақтаңыз. Енді қағаз қаламдарыңызды алып сол жұлдыздың суретін салыңыз. Сіздің әрқайсыңыздың әдемі жұлдызыңыз сізге мейірімділік, достық өзара көмек қолдау сәулесін шашып тұрады. Енді жұлдыздарыңызды арман картасын жасап соған орналастырасыздар. Арман картасына емтиханнан қанша балл жинайсыз, алдыңызға қандай мақсат қойдыңыз, соны жазасыз. Арман карталарыңыз өте әдемі болуы керек.

«Жүректен жүрекке».

Релаксация «Сиқырлы көл».

Көздеріңізді жұмыңыздар. Біздің жер шарымызда бір жер бар. Ол жердің ауасы таза, шипа, сол ауамен дем алса, ләззат сезіміне бөленеді. Айналасы көз тоймайтын табиғи сұлулық. Жерге қараса, айналасы толған хош иісті гүлдер қоршап тұр.

Ол көлдің суы мөлдір, астында бұлақ болғандықтан дәмі өте тәтті, қайта-қайта ішкің келеді. Айдынында екі аққу жүзіп жүр. Сол жерде бір адам тұрады. Ол өзін ең бақытты адаммын деп сезінеді.

Әрқайсысыңыздың қасыңызға барған кезде көзіңізді ашасыз, мен сол адамды көрсетемін сіз ол адамды көрген кезде күліп қараңыз.

Менің түйгенім:

1. Сабақ маған ұнады, себебі....
2. Сабақ маған ұнамады, өйткені.....
3. Сабақтан үйренгенім....

№4 сабақ. «Мен өзімді мақтан етемін»

Мақсаты:

- өз-өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынастың дамуы;

- рефлексия дамуы;
- тәлім алушылардың сенімділік сезімінің көтерілуі.

«Мен кімін?» серпімділік ойыны

Топ қатысушылары бір-біріне доп лақтыру арқылы «Мен кімін?» деген сұраққа жауап береді. Өзін-өзі сипаттауда мінезі, бет-пішіні, мақсаты мен сезімдері қолданылады. Әрбір сөйлем «Мен»: «Мен қызбын», «Мен көңілдімін», «Мен музыканы жақсы көремін», т.б. деген сөздермен басталуы қажет.

Біз бүгін, әрқайсымыздың жақсы қасиеттеріміздің бар екендігін айтып мақтана аламыз. Неге десеңіз, басқа адамдарды да біздің басқа жақсы жақтарымыздан қарап таң қалдыру үшін, нені сүйіп, нені армандайтындығымызды да білу мақсатында өз іс-әрекетімізді талқылағанымыз жөн.

«Мен өткен, осы және келер шақтардамын» жаттығуы

Өзіңді өткен, осы және келер шақтарда қалай көресің, елестете отырып суретін сал.

Талдау:

Осы суреттердің қайсысы саған ұнайды?

Келешекке өзіңді кім деп көресің?

Қандай қасиеттер сенде пайда болады?

Сен өзіңе не тілер едің?

Балалар бір-біріне доп лақтыра «Мен бірде...» деген фразаны қоса отырып, өзінің қандай да бір жетістігін айтады. Мысалы: «Мен бірде дене шынықтыру сабағында барлығынан да тез жүгіріп, бірінші болып келдім».

«Бәрі жұлдыздар» жаттығуы

Бұл жаттығуды жасау үшін тағы да 3-4 рет терең дем алып, көзімізді жұмамыз. Өміріңіздегі кездескен, өзіңізді жұлдыздай сезінген сәтті есіңізге түсіріңіз. Бұл қандай оқиға еді? Жан дүниеніз қандай сезімдерге толы болды? Қасыңызда сол сәтте кім болды? Сізге арнап жағымды сөздер айтты ма? Сонда не айтты? Қандай эпизод сіздің есіңізге түсіп тұр?... Есіңізге түсіріп болсаңыз, басыңызды изеңіз де, жайлап қана көзіңізді ашыңыз. Барлығымызда да еске түсетіндей кезеңдеріміз болды ма?

Енді біз түрлі-түсті қағаздан үлкен-үлкен жұлдыздарды ойып аламыз да, оның ішіне өміріміздегі сол бір кездегі жетістікке жеткен сәттерімізді мерейіміз тасыған шақтарды сурет етіп саламыз. Сіздің суреттеріңізде, сізге өте маңызды немесе сіздің жетістікке жетуіңізге көмектескен адамдар қатысуы мүмкін. Барлық жұлдыздар жинақталып, ватман қағазына жапсырылады.

Талдау:

Осы жаттығуды жасау барысында не сезіндіңіз?

Жетістікке жету жағдайын еске түсіру оңайға соқты ма?

Қалыпты өміріңізге жағымды және жағымсыз нәрселерді есіңізге жиі түсіресіз бе?

«Шеңбер бойынша қошемет» жаттығуы

Нұсқау: Әртіс концерттен соң өзін қалай сезінетіндігін кім елестете алады? Шеңбер бойынша тұрыңыздар. Араңыздан біреуіңіз кімге де болса жақындап оған бар күшімен қол шапалақтап қошемет көрсетеді, содан соң олар бірігіп тағы да біреуіңіздің қасына барып сол сияқты бар күшімен қол шапалақтау арқылы қошемет көрсетеді. Дәл осылай топтағы қатысушылардың барлығына қошемет көрсетіледі.

Талдау: Қандай сезімде болғаныңыз туралы әрқайсымыз айтып береміз.

Сабақтың рефлексиясы

Мен бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұнамағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу»

Жаттығудың қорытындысы.

№5 сабақ. «Күйзелістен қалай құтылуға болады?»

Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру.

Күйзелістен арылу жолы:

Не нәрсеге болса да қарапайым көзбен, салқын қандылықпен қарау! Бар жан-тәніңізбен күліңіз және сіздің осы өмірге келгеніңізге, сіздің бар екендігіңізге, кім болғаныңызға, өміріңізде бар нәрсеге Ғаламның қатысы бар екендігіне ризашылығыңызды білдіріңіз. Жарық дүниеден алғысыңызды аямаңыз!

«Күлімдеу» жаттығуы

Күлімдеу – керемет бір күшпен әрбір адамда бар ішкі энергияның қорын ашады.

Айнаның алдына тұрып, омыртқаңызды тік ұстаңыз, иықтарыңызды жазыңыз, басыңызды пандана жоғары көтеріңіз. Өзіңізге өзіңіз нұр сәулелі күлімдеңіз, қастарыңызды көтеріп, тап осы күйде 5 минут тұрыңыз.

Жасанды түрде жақсы көңіл-күй жасай отырып, бетіңіздің бұлшық еттеріне ықпал ете, сіз өзіңіздің жан дүниенің күйне тікелей әсер етесіз.

Ұйқыдан соң сіздің бейсанаңыз ашық болады, сондықтан да бұл тәсілді таңертең жасаған дұрыс. Сонда таңертеңнен кешке дейін тамаша көңіл-күйде боласыз!

«Күлімдеу кезіндегі бұлшық еттердің жайылуынан» мұрын айнала-сындағы үшбұрышта эндорфин деген күлімдеу гармоны бөлінеді екен.

Жақсы көңіл-күйдің себебі міне осында болып тұр.

«Мұнымды шығарып тастаймын» жаттығуы

Үш тал ақ қағаз, акварель бояуын және бояу жаққышты алыңыз. Бірінші параққа бояу жаққышты қара бояуға батырып, оны сілкінте бірнеше қара тамшы жасаңыз. Осы дақтардан қандай да бір кескінді көруге тырысыңыз. Ол үшін оларды бір-бірімен біріктіріп, кішкене жөнге келтіріңіз. Мүмкін бұл бір қара жапырақтар, қара құстар болар... Сіздің түйсігіңіз сізге дұрыс шешім қабылдауға өзі-ақ көмектеседі. Содан соң екінші парақты алыңыз да дәл сол сияқты, тек ақ бояумен бояңыз. Дақтарды бірге қосып сызғанда не нәрсеге ұқсас екендігіне мұқият қараңыз.

Үшінші параққа дәл осы сияқты жасаңыз, тек бояуларды басқа қызыл, жасыл, сары түстерден алыңыз.

Соңғы суретіңізге 10 минуттай қараңыз. Кенеттен сізге бір күш пайда болғандай сезінесіз. Қандай жағдай болса да, мына дүниеге қуанышпен қараңыз!

Осы мысалдан алатыныңыз: айқын бояулар сіздің жан дүниенізді өзгерте алатындығын көрдіңіз.

«Проблемаларды қиып тастаймын» жаттығуы

Өзіңізден қарағанда ақ парақтың оң жағына өз проблемаларыңызды шатасқан жіп күйінде сурет етіп салыңыз. Кескіннің төменгі жағына «Менің проблемаларым» деп жазыңыз. Немесе оны нақтырақ атауыңызға болады. Кескіннің сол жағына төменірек өзіңіздің суретіңізді (фото болса тіпті жақсы) бейнелеңіз де есіміңізді жазыңыз. Содан соң қайшы алыңыз да шүйке жіп, яғни проблемаңызды қиып тастаңыз. Сіз көрнекті түрде көзіңіз жетті: проблема жойылып кетті. Қайшының жүзі арқылы бір сәтте оны қиып тастадыңыз. Атап айтқанда, туындаған қиын жағдайларды жеңіл шешуге болатындығын дәл осы іс-әрекет миыңызға көмектеседі.

«Өзімді және Сәттілік-ханымды бейнелеймін» жаттығуы

Ақ параққа, сырттай «өзіңіздің ойша экраныңызда» өзіңізді қалай көресіз дәл сол қалпында бейнелеңіз. Ал қасыңызға өте сұлу, ақ көйлекпен Сәттілік – ханымды бейнелеңіз. Содан соң тағы да міндетті түрде күлімдеген кейіпте, Сәттілік – ханымның қолынан ұстап немесе қолының астына өз суретіңізді бейнелеңіз.

Қалай ойлайсыз, сіз қазір не істедіңіз? Дұрыс ойлапсыз – өзіңізге сәттілік шақырдыңыз! Ойыңызға алған жетістікке ешуақытта күмән келтірмеңіз, өзіңізден сенімсіздік пен қорқынышты қашырыңыз!

Көресіз: тез арада сіздің өміріңізге сәттілік пен жетістік міндетті түрде келеді!

Рефлексия.

Қорытынды.

Авторлар туралы мәлімет

Сведения об авторах

БЛИМОВА Жумагуль Серикбаевна – Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар және басқару колледжінің психология пәні оқытушысы. Ақтөбе қаласы.

БӨПЕЖАНОВА Нысанкүл Әмірханқызы – №214 орта мектебінің педагог-психологы. Ә. Тәжібаев ауылы, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

ЕРМАКОВА Анна Викторовна – педагог-психолог КГУ «Первый городской общеобразовательный лицей», г. Петропавловск, Северо-Казахстанская область.

ЕРМЕККАЛИЕВА Жанар Ғабдықайырқызы – «Шөптікөл «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» КММ педагог-психологы. Қаратөбе ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ЖҮНІСОВА Ұлтай – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты. Алматы қаласы.

КЕНҒАН Гүлмира Қайырбайқызы – Ә. Бөкейхан атындағы ЖББОМ базасындағы Тірек мектебінің психологы. Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы.

МАХАТОВА Ақбөпе Тұрсынқожақызы – №78 «Асыл» балабақшасының меңгерушісі. Астана қаласы.

НҰРХАТОВА Гүлниса – Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернат тәрбиешісі. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

РАХИМЖАНОВА Салтанат Еркеновна – социальный педагог КГУ «Первый городской общеобразовательный лицей», г. Петропавловск, Северо-Казахстанская область.

СЕРЖАНОВА Айнур Жанзаковна – жалпы орта білім беретін Амангелді мектеп-балабақшасының педагог-психологы. Амангелді ауылы, Тасқала ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

СЕРИКБАЕВА Сайра Серикбаевна – Х. Нұрымғалиев атындағы ЖОББМ психологы. Жуалыой ауылы, Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ТУЛЕГЕНОВА Кенжегуль Енбекшиловна – педагог-психолог КГУ «Жаксынская средняя школа №2» Жаксынського района Акмолинской области.

ШАРИПОВА Гульвира Марипжановна – учитель английского языка КГУ «Общеобразовательная школа №42» г. Алматы.

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ

ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал
Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиып алыңыз да,
жазылыңыз!**

Индекс 75487

		Басылым индексі									
		АБОНЕМЕНТ									
		75487									
Білім кілті- Ключ знаний											
		Комплекті саны									
2026 жылға, айлары											
қайда											
(почта индексі)		(мекен-жайы)									
кімге		(аты, жөні)									
		Тасымалдау карточкасы									
		75487									
		Басылым индексі									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	...тиын	комплекті саны							
		...теңге	...тиын								
2026 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда											
(почта индексі)					(мекен-жайы)						
(аты, жөні)											